


**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша
«Өзін-өзі тану: махаббатпен шығармашылық педагогикасы»
тақырыбындағы апталық туралы
анықтама**

Ақпан айында 1-12 ақпан күндері арасында өзін-өзі тану пәнінен «Өзін-өзі тану: махаббатпен шығармашылық педагогикасы» тақырыбында 10 күндік өтті. «Өзін-өзі тану» бағдарламасының авторы Сара Алпысқызының қызметі мен авторлық кітаптары таныстырылып, сонымен бірге Қазақстандық және әлемдік ойшылдардың, педагог-гуманистердің шығармалары таныстырылды. «Сүйіспеншілік-өмір негізі» тақырыбы бойынша рухани әңгімелер өткізіліп, бейнеролик көрсетіліп, шығармашылық жұмыс жасалды. «Алтын-жүрек анамыз» тақырыбында С.Алпысқызына оқушылар арнау оқып, буклеттер таныстырылымын жасады. «Әдеп алтын сабырың, жетелейтін мұратқа» тақырыбында тренинг өтті. «Патриоттық, адамгершілік, қайырымдылық» тақырыбында 7-9 сыныптар аралығында пікірсайыс өтті. «Руханилықтың мөлдір бұлағы» тақырыбындағы оқушылардың шығармашылық жұмыстары.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша педагогтерге аттестацияның қағидалары мен жаңа ережелерін таныстыру туралы анықтама

Ақпан айының 5-і күні Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің басшысы Л.Б.Балмаканованың ұйымдастыруымен Зуум платформиясында педагогтерге аттестацияның қағидалары мен жаңа ережелері таныстырылды. Әйтеке би ауданының білім бөлімінің әдіскері А.Сейтпанова түсіндірме жұмыстары барысында аттестацияның өзгерістері мен шарттарын негізге ала отырып, құнды мәліметтерімен бөлісті.




**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша
«Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде
«Іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлу»
туралы анықтама**

Ақпан айында бастауыш сынып мұғалімі Қуандықова Мөлдір 1-сынып оқушыларының ана тілі, әдебиеттік оқу пәндерін меңгеруі барысында іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлді.

Мектеп табалдырығын енді аттаған мектеп оқушылары мәтінмен жұмыс істеуге, іштей оқуға ерекше ынтызарлықпен белсене атсалысты. Білім алушылар арасында бәсекелестікпен біріге оқып, талқылау, оқыған шағын мәтін бойынша өз ойларын айтуға тырысқандығына көз жеткізуге болады.

Мектеп кітапханашысы: Қ.Ә.Сламова



InCollage

**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде
Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай өткізілген
мерекелік іс-шара анықтама**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 9-ақпан күні ақиық ақын, қазақтың маңдайына біткен жұлдызы - Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90 жыл толуына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сламова Қаракөзайым Әлқуанышқызының ұйымдастыруымен 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен әдеби кеш өтті. Кеш басы Мұқағали образындағы 7-сынып оқушысы Темірбекұлы Темірланның «Пай,пай өмір!» өлеңін оқумен басталды. «Менің анкетам» өлеңін сахналық образда 5-сынып оқушысы Бетеген Алпамыс пен 6-сынып оқушысы Тәңірбергенұлы Шерхан сахналады. Алаш барда аты өшпейтін, ұлтымыз ұлықтайтын, туындылары шаң басып архивтерде жатпайтын тұлға – Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы туралы өмірбаян көрермендерге ұсынылды. Оқушылардың атсалысуымен Тұманбай мен Мұқағали арасындағы диалог көрсетіліп, 8-сынып оқушысы Оразалы Жолдас «Есіңе мені алғайсың» әнін шырқады. Мұқағали шығармашылығын бірге дәріптелік деген ізгі оймен 5-6 сынып оқушылары жыр шумақтарынан үзінділер оқылып, «Сенің көзің» атты әсем әуен шырқалды. Еліміздің барлығына таныс «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын 5-7 сынып оқушылары жоғары дәрежеде, сахналық шеберлікпен ойнап көрермен көзайымына айналды. Таңғы шықтай мөлдір, сырлы әуенді – «Бақыт деген» әнін 9-сынып оқушысы Сәндібек Ділназ орындады. Қазақ поэзиясының шоқтығын биік көтерген талант иесінің «Алтай-Атырау» поэмасын нақышына келтіре 5-8 сынып оқушылары мәнерлеп оқыды. Поэзия кештің қорытынды сөзін мектеп директоры Л.Б.Балмаканова берілді. Әдеби кеш 5-9 сынып оқушыларының «Саржайлау» хорымен аяқталды.


Кітапханашы:

Қ.Ә.Сламова



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Отбасы – бақыт мекенім» тақырыбындағы тренинг туралы анықтама

«Отбасы – бақыт мекенім» тақырыбында 9 – сынып оқушылар арасында тренинг өтті. Тренинг мақсаты -оқушыларға отбасы туралы мағұлмат бере отырып, отбасын құрметтеуге, ата-анасын сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Міндеті: баланың ата-анаға деген махаббатын ояту, жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту., өзінің және өзгенің даралығын бағалау, көңіл-күйді көтеру, сезім мен эмоцияны реттеу болса. Тренинг барысында Сәлемдесу рәсімі, Есімдер алитераациясы, «Жанұя бақыты» жаттығуы, «Сөйлемді аяқта» жаттығуы, Сергіту сәті болса, «Жүректен жүрекке» жаттығуы арқылы аяқталды.



**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде
«XXI ғасыр – жаратылыстану ғылымдарының дәуірі»
тақырыбындағы жаратылыстану пәндерінің
арасындағы апталық туралы
анықтама**

Апталықтың мақсаты: Оқушылардың жаратылыстану пәндерінен танымдық деңгейлерін көтеріп, қызығушылығын арттыра отырып, еркін өмір сүруге, ізденуге, жігерілілікке тәрбиелеу. Табиғатты қорғау шараларына белсенді араласу дағдыларын қалыптастыру

Бағдарламасы:

- 14 ақпан күні - «XXI ғасыр – жаратылыстану ғылымдарының дәуірі» апталықтың ашылуы;
- 15 ақпан күні - «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайыс;
- 16 ақпан күні - «Тәжірибе – таным көзі» қызықты тәжірибелер;
- 17 ақпан күні - «Экология – өмірдің жүрегі» географиялық іс-шара;
- 18 ақпан күні - «Алтын қақпа» ойын сайысы;
- 19 ақпан күні - «Кері итеруші күш. Архимед заңы» ашық сабақ;
- 19 ақпан күні - «Табиғат – тіршілікке күретамыр» апталықтың жабылуы



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде «Барлық пәндер арқылы оқу» сабақ жүйесі туралы анықтама




18 ақпан күні сабақ кестесіндегі барлық пәндер бойынша пән мұғалімдері сабақ жоспарларындағы тақырыптарын ғұлама адамдардың қанатты сөздерімен байланыстырды. Соның ішінде 7 сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сламава Қаракөзайым «Қазақстан әлемдік қауымдастықта» тақырыбында Абай Құнанбайұлының «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесең істің-бәрі дос» нақыл сөздерін кіріктіріп бастады.

2 сыныпта дүниетану пәнінен Тортаева Салтанат «Өткенімізді білеміз» тақырыбына

«Балаларыма өсиет,
Қылмаңыздар кепите.
Бірлігіңнен айырылма,
Бірлікте бар қасите» деген
Ақтамберді жыраудың нақыл сөздерін тиімді пайдаланып, жүйелі жүргізді.



9 сыныпта орыс тілі пәнінде Бұхарбаева Жанаргүл жоспарға сәйкес «Творческий практикум» тақырыбын Альберт Эйнштейннің «Творчество заразительно, распространяйте его» ғибратты сөздерімен, ойшылдардың пікірлерімен біріктіре орынды пайдаланды.



Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламава

**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің
«Жас Ұлан» ұйымы өткізген
«Нашақорлық – ғасыр дерті» нашақорлықтың алдын-алу атты
тренинг туралы анықтама**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Нашақорлық – ғасыр дерті» нашақорлықтың алдын-алу атты тренинг өтті. 7,8,9 сынып оқушылары үш топқа бөлінді. Топ арасында сенімдік қатынасты қалыптастыру, мамандық таңдауға қызығушылық ояту мақсатында «Балалық шағымда» тренингі жүргізілді. Әр бала 3 минут ішінде берілген карточкаларға балалық шағында кім болғысы келген себептерін жазып, бір-бірімен алмасып, белгісіз автордың жазғанын толықтырды. Оқушылар арасында бір-біріне деген қызығушылықты оятты. Балаларға бір-бірімен жақынырақ танысып сенімділік атмосферасын орнатуды мұрат еткен «Социометрия» әдісі жүзеге асты. «Миға шабуыл» әдісі арқылы сыныптарға нашақорлық, шылым, темекі туралы тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді. «Нашақор адамның, ішкіш адамның, темекі шегетін адамның суретті» жаттығуында оқушылардың тәуелділік жағдайын тереңірек сезініп, суретке деген қабілеті мен тақырыпты ашуы бейнеленді. Терең дискриминацияның терең себептерін ұғынуды мақсат еткен «Шеңбер сыртында» жаттығу бөлмеде еркін жіріп, жүргізушінің сұранысы бойынша әр оқушы өзіне сыңар тауып үлкен шеңбер құруды. Ойынның соңында қаттысушылар сезімдерімен бөлісті.

Мектеп тәлімгері:

Қ.Ә.Сламова



**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің
«Жас Ұлан» ұйымы өткізген
«Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90
жыл» атты әдеби кеш туралы
анықтама**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 9-ақпан күні ақиық ақын, қазақтың маңдайына біткен жұлдызы - Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90 жыл толуына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сламova Қаракөзайым Әлқуанышқызының ұйымдастыруымен 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен әдеби кеш өтті. Кеш басы Мұқағали образындағы 7-сынып оқушысы Темірбекұлы Темірланның «Пай,пай өмір!» өлеңін оқумен басталды. «Менің анкетам» өлеңін сахналық образда 5-сынып оқушысы Бөтеген Алпамыс пен 6-сынып оқушысы Тәңірбергенұлы Шерхан сахналады. Алаш барда аты өшпейтін, ұлтымыз ұлықтайтын, туындылары шаң басып архивтерде жатпайтын тұлға – Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы туралы өмірбаян көрермендерге ұсынылды. Оқушылардың атсалысуымен Тұманбай мен Мұқағали арасындағы диалог көрсетіліп, 8-сынып оқушысы Оразалы Жолдас «Есіңе мені алғайсың» әнін шырқайды. Мұқағали шығармашылығын бірге дәріптелік деген ізгі оймен 5-6 сынып оқушылары жыр шумақтарынан үзінділер оқылып, «Сенің көзің» атты әсем әуен шырқалды. Еліміздің барлығына таныс «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын 5-7 сынып оқушылары жоғары дәрежеде, сахналық шеберлікпен ойнап көрермен көзайымына айналды. Таңғы шықтай мөлдір, сырлы әуенді – «Бақыт деген» әнін 9-сынып оқушысы Сәндібек Ділназ орындады. Қазақ поэзиясының шоқтығын биік көтерген талант иесінің «Алтай-Атырау» поэмасын нақышына келтіре 5-8 сынып оқушылары мәнерлеп оқыды. Поэзия кештің қорытынды сөзін мектеп директоры Л.Б.Балмаканова берілді. Әдеби кеш 5-9 сынып оқушыларының «Саржайлау» хорымен аяқталды.

Мектеп тәлімгері:

Қ.Ә.Сламova



**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің
«Жас Ұлан» ұйымы өткізген
«Шежірелі өлкемнің тарландары» атты эссе байқауы туралы
анықтама**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 7-сынып оқушылары арасында «Шежірелі өлкемнің тарландары» атты эссе байқауы өтті. Табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын көре білуге, өз өлкесінен шыққан танымал тұлғалар туралы зерттеулік бағытты мақсат еткен эсеге қатысушылар өз бақтарын сынап қатысты. Нәтижесінде 7-класс оқушысы Бөтеген Олжас оза шауып, аудандық кезеңге жолдама алды.

Мектеп тәлімгері:

Қ.Ә.Сламова

**«Білім жүгін арқалап, биікке самға жас талап» атты
апталық туралы
анықтама**

Дүйсенбі, яғни 21.02 күні апталықтың ашылуы болып өтті, онда пән болып екі оқушы шығып оқушыларға сыйқырлы кітапбын табыстап, оқушыларды апталық жопарымен таныстырылды.

Сейсенбі, 22.02 күні «Жас математик» интеллектуалды сайысы өтті, онда 5-6 сынып оқушылары қатысты. Сайыс барысында әділқазылар алқасы тағайындалып, оқушылар 8 бөлім бойынша әр түрлі логикалық, қызықты есептер шығарды. Сайыс қортындысы бойынша 6 сынып оқушысы Тоқмырза Тілеген «Жас математик» атағымен марапатталып, қалған оқушылар қатысқаны үшін алғыс хаттармен марапатталды.

Сәрсенбі, 23.02 күні «Информатика әлемі» интеллектуалдық сайысы өткізілді. Сайыс барысында 5-8 сынып оқушылары 3 топқа бөлінді. Сайыс барысында қызықты сұрақтар қойылып, венгр сөзжұмбағын шешіп, информатикаға байланыстырып мақал- мәтелдер айтылды. Сайыс тартымды да қызықты өтті. Сайыс соңында 3-ші топ Сәндібек Б, Тоқмырза Т, Наурызбай Ұ жеңіске жетті.

Бейсенбі, 24.02 күні «Қызық екен» интеллектуалды ойыны өткізілді. Ойынға 7-8 сынып оқушыларынан 6 оқушы қатысып, 2 топқа бөлінді. Ойын барысында 12 қызықты сұрақтарға жауап беріп, 13 сұраққа 2 топ оқушылары өздерінің жинаған ұпайларын тігіп, 1 топ оқушылары Оразалы Ж, Сәндібек Д, Наурызбай Ұ жеңіске жетті.

Жұма, 25.02 күні 9 сыныпта «Тригонометрия формулалары» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақтың мақсаты қос және жарты бұрыштың тригонометриялық функцияларының формулаларын пайдаланып есептер шығару дағдысын қалыптастыру болды. Сабақ барысында психологиялық ахуал тудыруға «Өзіңе қажеттіні таңда!» , тригонометрия еліне саяхатты жалғастыру билет (бағалау парағы) таратылып, «Жабдықтар» парағы таратылып онда әр тапсырмаға кері байланыс жазылып отырды. Үй тапсырмасын тексеру «Пликерс» платформасы арқылы қорытындыланып , жаңа тақырып постер арқылы ашылды. Тақырыпты бекіту мақсатында «Ойна да ойла» әдісі қахут платформасымен ұйымдастырылып, оқулықтан есеп шығарылып, «Quiz» ойыны арқылы кері байланыс алынып , «Телефон қуаты» арқылы рефлексия алынды.

Аптаның соңғы 26.02 күні өткізілген шаралардың қорытындысы өтті. «Қорытынды кеш» концерттік бағдарлама болып өтті. Концертте оқушылар математика, информатикаға байланысты көрініс қойып, тақпақтар, әндер айтты.

Апта ішінде әр түрлі сайыстарға белсене қатысып, жүлделі орынға ие болған топтар, оқушылар мадақтау грамотасымен марапатталды. Пән мұғалімі А.Тортаева мұғалімдерге, оқушыларға алғысын «Алғыс» әнімен білдірді. «Білім жүгін арқалап, биікке самға жас талап» апталығында жоспарланған шаралар мезгілінде жоғары деңгейде орындалды.

Пән мұғалімі:



А.М.Тортаева



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде
«20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөлу» туралы
анықтама**

Ақпан айында 2-3 сынып оқушыларында Тортаева Салтанат пен Жанкүшікова Ермек қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінде, үзіліс кезінде 20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөліп, жүйелі оқуға баулыды. Қоңырау сәтін тиімді пайдаланып, білім алушылардың оқуға құштарлығын арттыру мақсатында жұмыстанды. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес жоспарға сәйкес жүргізілген жұмыс барысында бір-біріне түсіндіріп, ортақ талқылау жүйелі өткізілді.

Мектеп кітапханашысы: Қ.Ә.Сламова



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде өткен

«Кітабыңды күтіп ұста!» оқулықтардың күтімін тексеру туралы анықтама

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде ІІІ тоқсан бойынша 1-9-сынып оқушыларының оқулықтарының күтімін бақылау мақсатында тексеріс жүргізілді. Оқушылар барлық пән оқулықтарын ұқыпты, мұқият қадағалап, сыртын қаптап талапқа сай қолданып жүр. Ескерту берілген қателіктермен жұмыс жүргізген.

Мектеп кітапханашысы:

Қ.Ә.Сламова